

«Қазконтент» Акционерлік Қоғамы

**2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың жеке қаржылай
есептілігі және аудиторлық қорытындысы**

Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы.....	3
Басшылықтың бекітуі	6

Жеке қаржылық есептілік

Жеке бухгалтерлік теңгерім	7
Жеке түсім мен шығындар туралы есеп.....	9
Жеке капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	11
Жеке ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп.....	15
Жеке қаржылай есептілікке ескертпелер.....	17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«Алма Аудит»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Байқоңыр ауданы,
БО «Лига», Бараев көпесі, 16 үй
А блоғы, 217 кеңсе
тел.: 8 /7172/ 592719
almaauditkz@gmail.com
BCH 180240007633
КБс 17
ЖСК КЗ906017111000005349
АК «Халық Банк»
БСК: HSBKKZKX

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Товарищество с ограниченной ответственностью
«Алма Аудит»

010000, город Нур-Султан, район Байқоңыр,
БЦ «Лига», ул.Бараева, д.16
Блок А, оф.217.
тел: 8 /7172/ 592719
almaauditkz@gmail.com
БИН 180240007633
КБс 17
ИИК КЗ906017111000005349
АО «Народный Банк»
БИК: HSBKKZKX

Бекітемін _____
Бас директор Байжарасова Ж.Т.
08 мамыр 2019ж.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазконтент» АҚ акционері мен басшылығына

Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев к-сі, 10 ғимарат

Ескертпесі бар пікір

Біз 2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалпы бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен және жиынтықты табыс туралы есептен пайда мен залал туралы есептен, сондай-ақ қаражат құралдарының қозғалысы туралы есептен, көрсетілген мерзімде аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамалары мен басқа түсіндіруші ескертпелерден тұратын «Қазконтент» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, қорытындымыздың «Ескертпесі бар пікірге негіздеме» тарауында баяндалған ықпал етуі мүмкін сұрақты қоспағанда, ұсынылып отырған қаржылық есептілік Компанияның қаржылық жағдайының барлық елеулі қырларын анық бейнелейді, сондай-ақ көрсетілген мерзімде аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды қатынастарда, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымындағы № 404 бұйрығында бекітілген нысандарға сәйкес шынайы көрсетеді.

Ескертпесі бар пікірге негіздеме

Біз аудитті Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандартқа сәйкес жауапкершілігіміз әрі қарай біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСБІ кодексі») және Қазақстан Республикасындағы жеке қаржы есептілігіне жасаған біздің аудитімізге қатысты этикалық талаптарға сәйкес Қоғамға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да этикалық міндеттемелерімізді БАХӘСБ кодексіне сәйкес орындадық. Біз аудит жүргізу барысында алынған дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіздеме болуға лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін Қоғам басшылығының жауапкершілігі

Қоғам басшылығы Қаржылық есептілік халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымындағы № 404 бұйрығында бекітілген нысандарға сәйкес дайындалған осы жеке қаржылық есептілікті дайындауға, сонымен қатар, Қоғам басшылығы алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ жеке қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп есептейтіндей ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге жауапты болады. Жеке қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық Қоғам өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Қоғамды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болған немесе онда тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да

бір басқа нақты балама болмаған кезден басқа жағдайларда қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік құрау үшін жауап береді.

Аудитордың жеке қаржылық есептілік аудитіне жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржы есептілігінде алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар жоқ деген саналы сенімділікке ие болудан және біздің пікіріміз көрсетілген аудиторлық қорытынды шығарудан тұрады. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит егер олар болған жағдайда үнемі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтайтынының кепілдемесі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жекелеп алғанда немесе жинақтала келе осы жеке қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне әсер ете алады деп негіздемелі түрде болжамдауға болса маңызды деп саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудит бойына кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жеке қаржы есептілігінің маңызды бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіздеме қызметін атқару үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен гөрі жоғары, себебі алаяқтық әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана әрекет, ақпаратты немесе әрекетті ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп бұрмалап ұсыну жатуы мүмкін;
- жағдаяттарға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесі тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және бухгалтерлік бағалау мен басшылық дайындаған ақпаратты сәйкесінше ашу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – соның нәтижесінде Қоғамның қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күдік туындауы мүмкін оқиғалар немесе шарттармен байланысты айтарлықтай белгісіздік бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда жеке қаржы есептілігінде ақпаратты лайықты ашуға назар аудартуымыз қажет немесе ақпаратты мұндай ашу лайықты емес болып табылса өз пікірімізді түрлендіруіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық түйінге дейінгі мерзімде алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар Қоғам өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтып алуына алып келуі мүмкін;
- Жеке қаржы есептілігін тұтас алғанда, ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржы есептілігі оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей ұсынатындығын қоса алғандағы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен, оларға басқасымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемдері мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Сонымен қатар, біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға өзіміздің тәуелсіздікке қатысты барлық этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға барлық өзара қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етуге негізгі түрде санауға болатын өзге мәселелер, қажет жағдайда – тиісті сақтық шаралары туралы ақпарат бергеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Бас Директор,

Аудитор/ Байжарасова Л.Т.

2015 жылғы 09 қараша

№ 0000289 біліктілік куәлігі.

Занды тұлғаның мемлекеттік лицензиясы

2018 жылғы 28 ақпан №18004336



[Handwritten signature]

ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Бараев к-сі, 16

БЦ "Лига", А блогі, 217 кеңсе.

Күні «08» мамыр 2019 жыл.

**Басшылықтың 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған
жеке қаржылық есептілікті дайындау және бекіту жауапкершілігі
жайлы растамасы**

Тәуелсіз аудиторлардың ұсынылып отырған есебінде қамтылатын тәуелсіз аудиторлардың міндеттерінің сипаттамасымен бірге қарастырылуы тиіс төмендегі өтініш аудиторлар мен «Қазконтент» АҚ басшыларының жеке қаржылық есептілікке қатысты жауапкершіліктерін бөлу мақсатымен жасалған.

«Қазконтент» АҚ басшылығы 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қалыптағы қаржылық жағдайын және оның қызметінің нәтижелерін, қаражаттық құралдарының қозғалысын барлық маңызды қырларында шындыққа сәйкес бейнелейтін жеке қаржылық есептілікті Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымындағы № 404 бұйрығында бекітілген нысандарға сәйкес дайындауына жауапты болады.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қоғам басшылығы келесіге жауапты болады:

- Бухгалтерлік есептіліктің тиісті ұстанымдарын таңдау және оларды реттілікпен пайдалану;
- Негізделген бағалаулар мен есептеулерді пайдалану;
- ҚЕХС талаптарын сақтау және ҚЕХС-тан барлық маңызды ауытқушылықтарды жеке қаржылық есептілікке тіркелетін ескертулерде бейнелеу;
- Қызметін келешекте жалғастыратын болады деген пайымдаумен, бұл пайымдау заңсыз болатын жағдайлардан басқа, Қоғамның жеке қаржылық есептілігін дайындау.

Қоғамбасшылығы, сонымен қатар, төмендегіге жауапты болады:

- Қоғамның сенімді ішкі бақылау жүйесін құрастыру, ендіру және оның қызмет етуін қамтамасыз ету;
- Кез келген уақытта нақтылықтың жеткілікті дәрежесінде Қоғамның қаржылық жағдайы жайлы ақпаратты дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау және Қоғамның жеке қаржылық есептілігінің ҚЕХС талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету;
- Бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есепті жүргізу стандарттарына және ҚЕХС стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Өзінің күзінеттілігінің шеңберінде Қоғамның активтерінің сақтандығын қамтамасыз ету үшін шараларды қабылдау;
- Алаяқтық фактілерін, кәтелер мен өзге теріс пайдаланушылықтарды анықтау және алдын алу.

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған осы жеке қаржылық есептілік «Қазконтент» АҚ басшылығы 2019 жылғы 08 мамырда бекітті.

Басқарма төрағасы:

Кожаметов Думан Қайырлыевич

Бас бухгалтер:

Байзульдинова Ольга Серекановна

«Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылай есептілік

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша ЖЕКЕ БУХГАЛТЕРЛІК

ТЕҢГЕРІМ

2017 жылдың 28 маусымындағы № 404 (1 нысан)
Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің Бұйрығына

Индекс: №1 - Б (Теңгерім)

Мерзімділік: жылдық

Ұсынады: 2018 қаржылық жылдың қорытындысы бойынша жалпылай қызығушылықты ұйымдастыру

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен электронды нұсқада қаржылық есептіліктің депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: Есептілік жылдан кейін келетін жылдан соң, жыл сайын 31 тамыздан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша

Мың теңгемен

АКТИВ	Еск.	Жол коды	Есеп мерзімінің соңына	Есеп мерзімінің басына
1		2	3	4
I. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР				
Ақшалай қаражаттар және оның баламалары	4	010	541 429	473 244
Өзге қысқа мерзімді қаржылай активтер				
Қысқа мерзімді сауда және басқа да берешек	5	016	18 293	17 462
Ағымдағы табыс салығы	6	017	12 282	5 225
Қорлар	7	018	2 189	1 556
Өзге қысқамерзімді активтер	8	019	7 148	6 193
Қысқа мерзімді активтер барлығы (жолдар сомасы 010-нан 019-дейін)		100	581 341	503 680
II. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР				
Басқа да ұзақ мерзімді активтер			-	-
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	9	115	839	-
Үлестік қатысу тәсілін ескеретін инвестициялар		116	-	-
Негізгі құралдар	10	118	18 131	24 267
Биологиялық активтер		119		
Материалды емес активтер	11	121	224 811	214 950
Кейінге қалдырылған салықтық активтер		122	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		123	-	-
Ұзақ мерзімді активтер барлығы (жолдар сомасы 110-нан 123-ке дейін)		200	243 781	239 217
ТЕҢГЕРІМ (жол.100 +жол. 101+.200 жол)			825 122	742 897

ПАССИВ	Еск.	Жол коды	Есеп мерзімінің соңында	Есеп мерзімінің басына
1		2		
III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Қарыздар		210	-	-
Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер		212	-	-
Қысқа мерзімді сауда және басқа да кредиторлық берешек	12	213	45 121	45 457
Қысқа мерзімді қорлар	13	214	17 050	24 920
Табыс салығы бойынша ағымдағы салықтық міндеттемелер		215	-	-
Қызметкерлерге арналған сыйақы	14	216	29	1 945
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	15	217	20 358	27 323



**2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша ЖЕКЕ БУХГАЛТЕРЛІК
ТЕҢГЕРІМ**

Қысқа мерзімді міндеттемелер барлығы (жол сомасы 210-нан 217-ге дейін)		300	82 558	99 645
Сатылуға арналған шығып қалған топтардың міндеттемелері		301		
IV. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Қарыздар		310	-	-
Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер		312	-	-
Ұзақ мерзімді сауда және кредиторлық берешек		313	-	-
Ұзақ мерзімді қорлар		314	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	16	315	12 018	9 513
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер		316	-	-
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер (жол сомасы 310-нан 316-ға дейін)		400	12 018	9 513
V. КАПИТАЛ				
Жарғылық (акционерлі) капитал	17	410	534 607	504 375
Қорлар	18	413	76 283	85 780
Бөлінбеген пайда (Өтелмеген шығын)	19	414	119 656	43 584
Бас ұйымдардың мешік иелеріне жатқызылатын капитал, барлығы (жол сомасы 410-нан 414-ке дейін)		420	730 546	633 739
Басқармайтын меншіктенушілердің үлесі		421		
Барлығы капитал (420 жол+/-421 жол)		500	730 546	633 739
ТЕҢГЕРІМ (300жол +301жол+400жол+500жол)			825 122	742 897

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер

08 мамыр 2019 жыл



Қожахметов Д.К.

Байзульдинова Э.С.

16-33 беттегі ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылай есептілік

**2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған мерзімге ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ТУРАЛЫ
ЖЕКЕ ЕСЕП**

2017 жылдың 28 маусымындағы № 404 (2 нысан)
Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің Бұйрығына

Индекс: №2 - ПШЕ

Мерзімділік: жылдық

Ұсынады: 2018 қаржылық жылдың қорытындысы бойынша жалпылай қызығушылықты ұйымдастыру

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен электронды нұсқада қаржылық есептіліктің депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Еск.	Жол коды	Есептілік кезеңінде	Алдыңғы кезеңде
Пайда	20	010	1 278 983	1 136 927
Іске асырылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны	21	011	945 707	802 559
Жиынтық пайда (010 жол- 011 жол)		012	333 276	334 368
Іске асыру бойынша шығындар	22	013	37 537	54 798
Әкімшілік шығындар	23	014	198 759	181 545
Басқа шығындар	24	015	16 629	15 241
Басқа да түсімдер	25	016	4 147	714
Операциялық пайда барлығы (шығын) (+/-жолдар 012-ден 016-ға дейін)		020	84 498	83 498
Қаржыландырудан түскен пайда	26	021	2 197	766
Қаржыландыруға кеткен шығын		022	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен ортақ қызметтің түсіміндегі (шығын) ұйымның үлесі		023	-	-
Басқа операциялық емес пайда		024	-	-
Басқа операциялық емес пайда		025	-	-
Салық салуға дейінгі пайда (шығын) (+/-жол 020 –дан 025-ке дейін)		100	86 695	84 264
Табыс салығы бойынша шығын	27	101	22 829	20 853
Жалғасқан қызметке салық салудан кейінгі пайда (шығын) (100 жол - 101жол)		200	63 866	63 411
Бір жылдағы табыс (200 жол + строка 201жол)		300	63 866	63 411
Келсілерге қатысты:				
Бас ұйымдардың иелеріне			-	-
Басқармайтын мешік иелерінің үлесі			-	-
Басқа жиынтық табыс,барлығы (жол сомасы 410 -420):		400	9 497	15 628
Оның ішінде :				
Негізгі құралдары қайта бағалау		410	9 497	15 628
Сағуға болатын бар қаржылай активтерді қайта бағалау		411		
Қауым.ұйым жалпы пайда (шығын) үлесі		412		
зейнетақы төлемдері бойынша аутуарда пайда (шығын)		413		
Басқа да жиынтықты пайданың басқа да компоненттері		18		
басқа жиынтық пайданың компоненттерінің		420		



**2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған мерзімге ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ТУРАЛЫ
ЖЕКЕ ЕСЕП**

салықтық әсері				
Жалпы жиынтық пайда (300 жол+ 400 жол)		500	73 363	79 039
<i>Жалпы жиынтық пайда ,келесілерге қатысты:</i>				
бас ұйымдардың меншік иелеріне				
басқармайтын мешік иелерінің үлесі				
Акцияға деген пайда (тенге):	28	600	125,59	156,71
Оның ішінде				
Акцияға деген базалық пайда				
Жалғасып отырған қызметке			125,59	156,71
Токтатылған қызметке				
акцияға деген көбейтілген пайда				
Жалғасып отырған қызметке				
Токтатылған қызметке				

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер

08 мамыр 2019 жылы



16-33 беттегі ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК
«Қазконтент» АҚ

2017 жылдың 28 маусымындағы № 404 (4 нысан)
Қазақстан Республикасы қаржы Министрінің Бұйрығына

Индекс: № 5-ИК
Кезеңділік: жылдық
Ұсыныатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар
Тапсырылу бағыты: бағдарламалық камтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне
Тапсыру мерзімі: жыл сайын есептің кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей
Мекеннің атауы: «Қазконтент» АҚ
2018 жылдың 31 желтоқсаны қалпы бойынша
Мың теңгемен

Компоненттердің атауы	Еск	Жол коды	Бас ұйымның капиталы					Басқары лмайтын меншік нелерінің үлесі	Барлығы капитал
			Жарғылық капитал	Эмиссиялық табыс (Төленген капитал)	Сатып алынған жеке меншік үлескерлік құралдар	Қорлар	Бөлінбеген пайда		
Өткен жылдың 1 қаңтарына сәйкес									
Есептеу саясатындағы өзгерістер		010	504 375	-	-	101 408	(31 181)	-	574 602
Есептелген сальдо (жол 010+/- жол 011)		011	-	-	-	-	-	-	-
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (210 жол+ 220 жол):		100	504 375	-	-	101 408	(31 181)	-	574 602
Бір жылдағы пайда (шығын)		200							
Өзге жиынтық пайда, барлығы (жолдар сомасы 221-ден 229-ға дейін):		210				(15 628)	79 039	-	63 411
Оның ішінде:		220				(15 628)	15 628	-	63 411
негізгі қаржыларды қайта бағалаудан өсім (минус салықтық әсер минус)		221				-	-	-	-
негізгі құралдары қайта бағалаудан шыққан амортизация аударымы (Салықтық әсерді минус тағанда)		222				(15 628)	15 628	-	-
Сатуға болатын бар қаржы активтерін қайта бағалау (Салықтық әсерді минус тағанда)		223							
үлестік қатысу бойынша ескерілетін қауымдасқан компаниялар мен біріккен қызметтердің басқа жиынтық пайдадағы (шығындағы) үлесі		224							
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарды пайда (шығын)		225							



2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған **КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК**

Қысқартылған 01 жетекшілердің аяқталған жылы арналған қаржылық есебі туралы жеке есептілік								
Еңгізілген ұйымдардың мерзімі ұзартылған салық пайда салығының ставкасындағы өзгерістердің салдары	226							
Ақша ағындарын хеджерлеу (салықтық әсерді міндеттендіру)	227							
Шет елдік ұйымдарға инвестиция жасағандағы құрылымдық айырым	228							
Шет елдік операцияларға таза инвестициялардың хеджерлеуі	229							
Меншік иелерімен операция, барлығы (жол сомасы 310-нан 318-ге дейін)	300	-	(4 274)	-	(4 274)	-	(4 274)	
Оның ішінде:								
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	310							
Оның ішінде:								
Қызметкерлер қызметінің құны								
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару								
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда								
Меншік иелерінің жарналары	311	-	-	-	-	-	-	-
Өз үлесіне құралдарын (акцияларын) шығару	312	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесі біріктіруге байланысты үлесіне құралдарды шығару	313							
Айырбасталатын құралдардың үлесіне құраушысы (салық тіптілігін шегергенде)	314							
Дивидендтерді төлеу	315	-	(4 274)	-	(4 274)	-	(4 274)	
Меншік иелеріне басқа да төлемдер	316	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен басқа да операциялар	317							
Үлеске қатысушы Енгізілген ұйымдардағы басқаруды жоғалтып алуға әсер етпейтін өзгерістері	318							
Басқа операциялар	319							
Есептілік жылдың 1 қаңтарына деген сальдо (жол 100+ жол 200- жол 300)	23-25	504 375	85 780	43 584	633 739	633 739	633 739	63 866
Есеп саясатындағы өзгерістер (түзетулер)	401							
Қайта есептелген сальдо (400 жол+-, 401 жол)	500	504 375	85 780	43 584	633 739	633 739	633 739	63 866
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (строка 610+ строка 620):	600	-	(9 497)	73 363	63 866	63 866	63 866	63 866



«Казконтент» АҚ
2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылай есептілік

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Бір жылдағы пайда (шығын)	610	-	-	-	63 866	-	63 866
Өзге жиынтық пайда, барлығы (621-ден 629 аралығындағы жолдар сомасы):	620	-	-	-	9 497	-	-
оның ішінде:							
Негізгі құралдарды (салық тиімділігін шегергенде) қайта бағалаудан өсім	621	-	-	-	-	-	-
Негізгі құралдарды (салық тиімділігін шегергенде) қайта бағалаудан амортизацияны аудару	622	-	-	-	-	-	-
Сағу үшін қолда бар қаржы активтерін (салық тиімділігін шегергенде) қайта бағалау	623	-	-	-	9 497	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық пайдасындағы (залалдағы) үлесі	624	-	-	-	-	-	-
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	625	-	-	-	-	-	-
Еңгілес компаниялардың мерзімі кейінге қалдырылған салығына табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістердің тиімділігі	626	-	-	-	-	-	-
Ақша ағындарын (салық тиімділігін шегергенде) хеджирлеу	627	-	-	-	-	-	-
Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма	628	-	-	-	-	-	-
Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	629	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710-нан 718 аралығындағы жолдар сомасы)	700	30 232	-	-	(3 171)	-	27 061
оның ішінде:							
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	710	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:							
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны							
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару							
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны							
Меншік иелерінің жарналары	711	-	-	-	-	-	-



«Казконтент» АҚ
2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылық есептілік

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	712	30 232	-	-	-	30 232
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдар шығару	713					
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегергенде)	714					
Дивидендтерді төлеу	715				(3 171)	(3 171)
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	716					
Меншік иелерімен өзге де операциялар	717					
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	718					
Өзге де операциялар	719					
Есепті жылдың 31 желтоқсанына салыдо (500-жол + 600-жол + 700-жол+719 жол)	800	23-25	534 607	-	76 283	5 880
					119 656	730 546

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер

08 мамыр 2019 жыл



16-33 беттегі ескертмелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылай есептілік

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған АҚША ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ (тікелей әдіс) ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2017 жылдың 28 маусымындағы № 404 (3 нысан)
Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің Бұйрығына

Индекс: №3-ДДС-П

Мерзімділік: жылдық

Ұсынады: қаржы жылы нәтижелері бойынша жария қызығушылықты ұйымдастыру

Қайда ұсынылады: Бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен электронды форматта қаржылық есептіліктің депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Еск.	Жол коды.	Есептілік мерзім ішінде	Алдыңғы мерзімде
I. Операциялық қызметтерден ақшалай қаражаттардың қозғалысы				
1. Ақша қаражаттарының түсімі, барлығы (жол сомасы 011-ден 016-ға дейін)		010	1 439 898	1 291 650
Оның ішінде:				
Тауарды сату мен қызмет көрсету		011	1 432 941	1 273 440
Басқа түсімдер		012	-	-
Сатып алушылар, тапсырысшылардан алынған аванс		013	-	-
Сақтандыру келісімі бойынша түскен түсімдер		014	-	-
Алынған сыйақылар		015	-	-
Өзге түсімдер		016	6 957	18 210
2. Ақша қаражаттарын шығару, всего (жол сомасы 021-ден 027-ге дейін)		020	1 358 484	1 252 720
Оның ішінде:				
Тауар мен қызмет жеткізушілерге төлемдер		021	704 986	556 397
қызмет пен тауар жеткізушілерге берілген аванс		022	40	11 896
Еңбекақыны төлеу бойынша төлемдер		023	350 127	326 993
Сыйақы төлемдері		024	-	-
Сақтандыру келісімі бойынша төлемдер		025	-	-
Корпоративті табыс салығы және бюджетке түсетін басқа да салықтар		026	260 882	292 649
Өзге төлемдер		027	42 449	64 785
3. Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза сомасы (010 жол – 020 жолы)		030	81 414	38 930
II. Инвестициялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттардың қозғалысы				
1. Ақша қаражаттарының түсімі, барлығы (жол сомасы 041-ден 051-ге дейін)		040	-	-
Оның ішінде:				
Негізгі құралдарды іске асыру		041	-	-
материалды емес активтерді іске асыру		042	-	-
басқа ұзақ мерзімді активтерді іске асыру		043	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестен басқа) және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесіндегі үлестік құралдарды іске асыру		044	-	-
басқа ұйымдардың қарықдық құралдарын іске асыру		045	-	-
Еншілес компанияларды басқарудан айырылған уақыттағы өтеу		046	-	-
басқа қаржы активтерін іске асыру		047	-	-
фьючерстік және форвардты келісімдер, опциондар және своптар		048	-	-
Алынған дивиденттар		049	-	-
Алынған сыйақылар		050	-	-
Басқа түсімдер		051	-	-



**2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған АҚША
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ (тікелей әдіс) ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП**

2 Ақша қаражаттарын шығару, барлығы(жол сомасы 061-ден 071-ге дейін)	060	10 055	13 818
Оның ішінде:			
негізгі құралдары сатып алу	061	9 278	7 882
материалды емес активтерді сатып алу	062	777	5 936
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестен басқа) және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесіндегі үлестік құралдарды сатып алу	064	-	-
басқа ұйымдардың қарыздық құралдарын сатып алу	065	-	-
еншілес компанияларды басқаруды сатып алу	066	-	-
басқа қаржы активтері сатып алу	067	-	-
Қарыз беру	068		
фьючерстік және форвардты келісімдер, опциондар және своптар	069		
еншілес және қауымдасқан компанияларға инвестициялар	070		
Басқа төлемдер	071	-	-
3. инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (жолы 040 –жолы 060)	080	(10 055)	(13 818)
III. Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражатының қозғалысы			
1.Ақша қаражатының түсімі, барлығы (жол сомасы 091-ден 094-ке дейін)	090	-	-
Оның ішінде:			
акция және басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	091	-	-
Қарыз алу	092	-	-
Алынған сыйақылар	093	-	-
Басқа түсімдер	094		
2.Ақша қаражатын шығару, барлығы (жол сомасы 101-ден 105-ке дейін)	100	3 171	4 274
Оның ішінде:			
Қарыз алу	101	-	-
Сыйақы төлеу	102	-	-
дивиденттерді төлеу	103	3 171	4 274
Меншік иелеріне ұйымның акциясы бойынша төлеу	104	-	-
Басқа шығарылымдар	105	-	-
3. Қаржы қызметінен түсетін ақша қаражатының таза сомасы (жол 090 – жол 100)	110	(3 171)	(4 274)
4. Айырбас курстарының тенгеге әсері	120	(3)	(21)
5. Ақша қаражаттарының өсуі+/- кемуі (жол 030 +/- жол 080 +/- жол 110 +/- жол 120)	130	68 185	20 817
6. Есептік мерзім басындағы ақша қаражаттары және оның баламалары	140	473 244	452 427
7. Есептіліктің соңындағы ақша қаражаттары және оның баламалары	150	541 429	473 244

Басқарма төрағасы

Бас бухгалтер

08 мамыр 2019 жыл



16-33 беттегі ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады



1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазконтент» Акционерлік Қоғамының (ары қарай «Қоғам») 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған жеке қаржылай есептілігі 2019 жылдың 08 мамырда шығарылымға бекітілді. «Қазконтент» Акционерлік Қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) «Зерде» Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі» Акционерлік Қоғамының жалғыз құрылтайшысының шешімімен құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 наурыздағы № 333 қаулысына сәйкес «Қазконтент» АҚ-ның акциялар пакетін жеке меншіктен республикалық меншікке сыйақы туралы келісім бойынша қабылдады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс министрлігінің кейбір мәселелері» қаулысына сәйкес республикалық меншіктегі Қоғамның мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы мемлекеттік меншік құқығы жөніндегі уәкілетті органмен Қазақстан Республикасының «Ақпарат және байланыс министрлігіне» берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 наурыздағы №142 «Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің және цифрлық дамыту, қорғаныс және аэроғарыштық индустрия министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, Қоғамның мемлекеттік үлесіне меншік құқығын иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне толық берілді.

Мемлекеттік меншікке тиесілі Қоғамның мемлекеттік акцияларын иелік ету құқығы мемлекеттік мүлік туралы уәкілетті органға тиесілі.

Бастапқы мемлекеттік тіркеу күні: 21 қаңтар 2009 жылы.

БЖН: 090140006926

Қоғам Астана қаласының Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасында салық төлеуші ретінде тіркелген, ҚҚС төлеуші болып табылады. ҚҚС бойынша тіркеуге қою куәлігі 01.02.2011 жылы, № 0028550 серия 62001 15.01.2013 ж берілді.

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша 100%-дық қатысу үлесі бар жалғыз акционері «Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс министрлігі» болып саналады.

Қоғам кеңсесі : Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, индекс 010000, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10 ғимаратта орналысқан.

Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

- Қоғамның Даму жоспарымен анықталған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ қоғамның басқа да стратегиялық құжаттарына қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- желінің қазақстандық сегментіндегі желі-жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- желі-ресурстарды құру және басқару;
- желі-ресурстарды (ақпараттық мазмұнды және қолдауды) және желілік ақпараттық ресурстарын дамыту;
- желінің қазақстандық сегментінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды ұйымдастыру;
- Қоғамның желі-ресурстарының желінің қазақстандық сегментінде бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- желінің қазақстандық секторындағы зияткерлік меншік нарығының дамуын Қоғамның желі-ресурстары арқылы дамытуға жәрдемдесу;
- желінің қазақстандық сегментінің дамуына арналған ұсыныстар әзірлеу;
- әлеуметтік желі-жобаларды ұйымдастыру және іске асыру;
- халықаралық ынтымақтастықты белсенді жүзеге асыру және желіде және бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның халықаралық деңгейде өкілдік етуін жүзеге асыру;
- желідегі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу құралы ретінде желі-технологияларды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін ақпараттық-аналитикалық жұмыстар мен зерттеулер жүргізу;
- желінің және бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық сегментінің дамуына арналған конференциялар мен консультациялар ұйымдастыру және өткізу;
- желі-ресурстардың мониторингі және қызмет көрсетуі;
- желідегі ақпараттық саясатты жүргізу (хабарламалар мен ақпараттық материалдарды орналастыру);
- бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін өндіру және тарату, қазақ әдебиетін ақпараттандыру және желіде мәтіндік материалдарды басып шығару, ақпарат жинау, бұқаралық ақпарат құралдарына шығару үшін ақпараттық және жарнамалық материалдарды дайындау, желідегі фото және бейне материалдарды дайындау және орналастыру.



ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛАЙ ЕСЕПТІЛІККЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ (жалғасы)

Қоғамның басқарушы органдары:

- жоғарғы орган – Жалғыз Акционер;
- басқарушы орган - Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма
- басқару органы – Ішкі аудит қызметі.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам қызметкерлерінің орташа саны 147 адамды құрады (2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам қызметкерлерінің орташа саны 141 адамды құрады).

2. ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**Сәйкестілік жайлы мәлімдеме**

Бұл жеке қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына ҚЕХС және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымындағы № 404 бұйрығында бекітілген нысанына сәйкес дайындалған.

Қоғам қызметін жүзеге асыру шарттары

Қазақстан Республикасы нарықтық экономиканың шарттары талап етіп отырғандай өзінің заңнамалық, салықтық және нормативтік базасын құрастыруды және экономикалық реформаларын жүзеге асыруды жалғастырып келеді. Қазақстанның келешек тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалар мен зерттемелерге, үкімет іске асырған экономикалық, қаржылық және монетарлық шаралардың әсерлілігіне байланысты болмақ. Қазақстан экономикасы әлемдегі іскерлік белсенділіктің төмендеуі мен экономикалық даму қарқындарының бәсеңдеуін сезінушілікпен қабылдайды. Жалғасып жатқан әлемдік қаржылық дағдарыс капитал нарығының тұрақсыздығына, банктік сектордағы өтемпіздіктің нашарлауына және Қазақстанда несиелеудің едәуір қатаң тәртіптерінің пайда болуына ықпалын тигізді.

Қазақстандық үкімет өтімділікті қамтамасыз ету және қазақстандық банктер мен қоғамдар үшін қарыздарды қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуді қолдауға бағытталған бірқатар тұрақтандыру шараларын енгізгеніне қарамастан, Қоғам және оның контрагенттері үшін капитал және капитал құнына қолжетімділікке қатысты нақсыздық бар, бұл Қоғамның қаржылық жағдайына, оның қызметінің нәтижелері мен экономикалық перспективаларға маңызды түрде әсер ете алады.

Басшылық бар шарттарда Қоғам орнықтылығына қолдау көрсету үшін қажетті шаралардың барлығы жүзеге асырылып жатыр деген пікірді ұстанғанымен, жоғарыда сипатталған салалардағы күтпеген жағдайдың одан әрі ұшығуы, қаржы нәтижелері мен қазіргі уақытта анықтауға берілмейтін әдіспен Қоғамның қаржылық жағдайы туралы жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Тіркіліп отырған жеке қаржы есептілігі үздіксіз қызмет қағидасы негізінде жасалды, бұл қарапайым қызмет барысында активтерді өткізу мен міндеттемелерді жабуды қарастырады. Қазіргі таңда Қоғам өз қызметін дамыту үстінде. Қоғам үздіксіз қызмет қағидасын ұстанатын болады, себебі Қоғамның қаржылық жағдайы болашақта қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Функционалды валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы қазақстандық теңге болып табылады және осы валюта Топ үшін функционалды болып табылады, осы валютада ағымдағы жеке қаржылық есептілік бейнеленген. Барлық сандық көрсеткіштер теңге есебімен алынған.

Кәсіби пайымдамаларды, есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалану

Жеке қаржылық есептілікті ҚЕХС-қа сәйкес дайындау барысында басшылық активтер мен міндеттемелерді бейнелеу және шартты активтер мен міндеттемелер жайлы ақпараттарды ашу мәселелеріне қатысты кәсіби пайымдамаларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер бұл бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Есептік бағалаулар мен негізгі жорамалдар үздіксіз қызмет негізінде қарастырылды. Бухгалтерлік есептеулердің өзгерістері осы өзгерістер пайда болған мерзімде бейнеленеді.



ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛАЙ ЕСЕПТІЛІККЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелердің келесі қаржылық жылдағы теңгерімдік құнының маңызды түзетпелеріне негіз бола алатын келешек жайлы негізгі жорамалдар мен есептік мерзімге бағалаудың анықсыздығының өзге де негізгі көздері төменде қарастырылады.

Резервтер

Қоғам күмәнді дебиторлық қарызға, төленген аванстар мен өзге де ағымдағы активтерге резервтер құрып қояды. Күмәнді есептерді бағалау кезінде клиент қызметінің алдыңғы және күтілетін нәтижелерін міндетті түрде назарға алу қажет. Экономикадағы, өнеркәсіптегі, немесе клиенттің ерекше шарттарындағы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді есептерге сақтық қордың түзетпесін талап етуі мүмкін.

Салық салу

Салықтық қауіптерді бағалау кезінде басшылық мүмкін міндеттемелер ретінде Қоғам қарсы шыға алмайтын не болмаса салықтық ұйымдармен қосымша салықтар аударылмаған жағдайда шағым түсіре алмайтын салықтық заңнаманы сақтамаудың таныс аяларын қарастырады.

Мұндай анықтама маңызды пайымдамаларды ұсынуды талап етеді және салықтық заңнама мен нормативті-құқықтық актілердегі өзгерістер не болмаса салықтық ұйымдардың сәйкестілікке жүргізіп жатқан тексерісінің ағымдағы нәтижелеріндегі өзгерістер негізінде өзгеріп отырады.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Қоғам негізгі құралдардың объектілерінің пайдалы қызмет етудің қалған мерзімін, кем дегенде, әрбір қаржылық жылдың соңында бағалайды және егер де күтілімдер бұрындары жасалған бағалаулардан ерекшеленетін болса, онда өзгерістер БЕХС 8 «Есептік саясат, бухгалтерлік бағалалаудағы өзгерістер мен қателерге» сәйкес бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер ретінде есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаржылық есептілікті дайындау барысында пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері 3 ескертпеде сипатталған. Есептік саясаттың бұл ережелері реттілікпен пайдаланылды.

Қабылданған стандарттар мен интерпретациялар

2018 жылы қолданыстағы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) түзетпелер енгізілді:

- ҚЕХС-на түзетпелер (IFRS) 15 «Сатыпалушылармен жасалған келісімшарттардан түсетін табыс»;
- ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»;

Түзетулерді қабылдау Қоғамның қаржы нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына елеулі әсерін тигізбеді.

Жаңа стандарттар мен интерпретациялар

Қоғам шығарылған, алайда 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қалпы бойынша күшіне енген мынадай ҚЕХС пен ҚЕХСТК интерпретацияларын пайдаланады:

- ҚЕХС (IFRS) 16 «Жалға алу/беру», 01.01.2019 жылдан бастап күшіне енді.

Қоғам жоғарыда аталған стандарттар мен интерпретацияларды қабылдау, Қоғам қызметінің нәтижелеріне және қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

Шет елдік валютадағы операциялар

Шет елдік валютадағы келісімдер бастапқы кезде келісімді жасасу күнінде қалыптасқан функционалды валютаның бағасы бойынша есептеледі. Шет елдік валютада бейнеленген қаражаттық активтер мен міндеттемелер есептік мерзімде қалыптасқан функционалды валютаның айырбастау бағамы бойынша қайта ауыстырылады. Барлық айырмашылықтар кіріс және шығыс есебінде есепте ескеріледі.

Қазақстандық қор биржасында (ҚҚБ) белгіленген шет елдік валютаның орташа айырбастау бағамы Қазақстан Республикасындағы ресми айырбастау бағамы ретінде пайдаланылады.

Қаржылық есептілікті толтырған кезде Қоғаммен қолданылған төменде жылдың аяғына айырбастау бағамы келтірілген:

Теңгемен

31 желтоқсан 2018
жыл31 желтоқсан 2017
жыл

«Қазконтент» АҚ

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяталған жылға арналған жеке қаржылай есептілік

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛАЙ ЕСЕПТІЛІККЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ (жалғасы)

АҚШ доллары	384,20	332,33
Еуро	439,37	398,23

Негізгі құралдар

Ағымдағы қызмет көрсетуге арналған шығындардан өзге, негізгі құралдар бастапқы құнымен, жинақталған амортизациямен құнсызданудан келген жинақталған шығындарды алып тастағанда есептеледі. Егерде оларды тану критерийлері орындалатын болса, мұндай құн шығындар пайда болған сәттегі машиналар мен жабдықтарға арналған қосалқы бөлшектердің құнын қамтиды.

Негізгі қаражаттардың бастапқы құны импорттық кеден бажы мен орны толтырылмайтын салықтарды қамти отырып сатыпалу құнын және активтерді жұмыс қалпына келтіруге және оны пайдаланатын орынға жеткізумен байланысты кез келген шығындарды қосады.

Амортизация тікелей сызықты әдіспен активті тиімді пайдалану мерзімі ішінде есептеледі. Компанияның негізгі қаражаттарын тиімді пайдаланудың орташа мерзімі келесіні құрайды:

- Ғимараттар мен құрылыстар 30 жыл;
- Машиналар мен жабдықтар 5-20 жыл;
- Транспорт құралдары және жабдықтар 5-10 жыл;
- Кеңсе жиһаздары мен және оргтехника 2-20 жыл;
- Басқа да негізгі құралдар 5-15 жыл.

Активтер пайдаланылуға берілгеннен соң пайда болған шығындар, мысалы, ағымдағы жөндеу жұмысының шығыны, техникалық қызмет көрсету және күрделі жөндеу секілді шығындар шығындар пайда болған есептік мерзімде жиынтықты табыс туралы есепте көрініс табады. Негізгі құралдар объектісін бастапқы танылған стандартты өнімділіктің (пайдалы қызмет ету мерзімінің, қуаттылықтың және т.б. артуы) үстінен пайдаланудан алынады деп күтілетін келешек экономикалық табысты арттыруға әкелген шығындар негізгі қаражаттардың қосымша құны ретінде капиталданады.

Негізгі қаражаттарды тануды тоқтату айырбастау немесе келешекте аталмыш активті пайдаланудан экономикалық табыстарды алу күтілмеген жағдайда жүзеге асырылады. Активті тануды тоқтату нәтижесінде пайда болатын табыс немесе шығыс (таза шегіністердің активтің баланстық құнымен түсуінің арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есептік мерзімдегі жиынтықты табыс жайлы есепте көрініс табады.

Активтің қалдықтық құны, пайдалану мерзімі мен амортизация әдістері қажет болған жағдайда әрбір қаржылық жылдың соңында қарастырылып, түзетіліп отырады.

